

**Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 331-V "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Атырау облысы Индер ауданы мәслихатының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 75-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 қаңтарда № 3753 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 111-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 24.05.2017 № 111-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 21 желтоқсандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" № 331-V (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3430 санымен тіркелген, аудандық "Дендер" газетінде 2016 жылғы 23 қаңтарда жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

1) әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының 4-қосымшасы, осы шешімінің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2) әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының 22 тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге осы қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес "Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш берушінің материалдық жағдайын учаскелік комиссияның тексеру актісін жүргізеді, осы қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес өтініш берушінің "Өрлеу" жобасына қатысуына учаскелік комиссияның қорытындысын дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округ әкіміне жібереді".

3) келесі редакциядағы 22-1 тармақпен толықтырылсын:

"Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы қағидалардың 20, 21-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді".

4) осы шешімнің 2, 3-қосымшаларына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары 20, 21- қосымшаларымен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саясат, жастар ісі, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (О. Ділімұқашева) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс VIII сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ә. Қарашина*

*Б. Сапаров*

*Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 13  
желтоқсандағы № 75-VI шешіміне 1-  
қосымша*

*Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның  
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж  
азаматтардың жекелеген санаттарының  
тізбесін айқындаудың Қағидасына 4-  
қосымша*

нысан

Отбасыны тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_

## Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

Р/с №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасының құрамы туралы мәліметтерді куәландыруға уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ (қолы)

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 75-VI шешіміне 2-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасына 20-қосымша

нысан

## Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының) мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_
2. Тұратын мекен-жайы \_\_\_\_\_
3. Өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қиын жағдай \_\_\_\_\_
4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_ адам, оның ішінде:

Р/с №	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.  
Балалардың саны: \_\_\_\_\_

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам,  
оқу құны жылына \_\_\_\_\_ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек) \_\_\_\_\_

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек): \_\_\_\_\_

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

\_\_\_\_\_

Отбасының табысы:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_  
қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

\_\_\_\_\_

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

\_\_\_\_\_

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі \_\_\_\_\_

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы \_\_\_\_\_

---

Комиссия төрағасы:

\_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: \_\_\_\_\_

(Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

---

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 75-VI шешіміне 3-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасына 21-қосымша

нысан

### **Учаскелік комиссияның № \_\_\_\_\_ қорытындысы**

20\_\_ ж. \_\_\_\_

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

---

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

---

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды

қоса берілген құжаттармен \_\_\_ данада

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_